

## Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 маусымдағы № 345 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 16 шілдеде № 9589 тіркелді

Жеке басты анықтау бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының қызметін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай толықтырулар енгізілсін:

«Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 231 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7029 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 27 тамыздағы № 272-274 (26693-26695) болып жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдарының қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесінде:

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Жедел-криминалистикалық бөліністер мен Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті басқармасының есептері бойынша адамның жеке басы анықталмаған жағдайда, дактилоскопиялық карталар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақпараттық-аналитикалық орталығы арқылы Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі Бас ақпараттық-аналитикалық орталығының базасында жұмыс істейтін Мемлекетаралық ақпараттық банкінің есептері бойынша тексеру үшін жолданады» .

2) «Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 10 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7417 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 19 мамырдағы № 144-145 (26963-26964) болып жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының ішкі тәртіп қағидаларында:

25-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Жедел-криминалистикалық бөліністер мен Құқықтық статистика және арнайы есепке

алу комитеті басқармасының есептері бойынша адамның жеке басы анықталмаған жағдайда, дактилоскопиялық карталар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақпараттық-аналитикалық орталығы арқылы Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігі Бас ақпараттық-аналитикалық орталығының базасында жұмыс істейтін Мемлекетаралық ақпараттық банкінің есептері бойынша тексеру үшін жолданады».

3. Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):  
осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында к е й і н н е н ж а р и я л а н у ы н ;

осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа жүктелсін.

Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

<i>М и н и с т р</i>	<i>Қ. Қасымов</i>
<i>полиция генерал-лейтенант</i>	